

**Астана қаласы әкімдігінің ШЖҚ А.Сейдімбек атындағы
№54 мектеп-лицей МКК жалпы
ата-аналар жиналысының
Хаттамасы**

Өту орны: №54 мектеп-лицей, Ш.Иманбаева 4

Күні мен уақыты: 29 сәуір 2025 жыл, сағат 19.00

Қатысқан ата-ана саны: 543

Күн тәртібінде:

1. 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, білім алушыларды қорытынды аттестAUDAN өткізу мерзімдерін айқындауы /У.Казыбаева/
2. Жазғы демалыстың ұйымдастырылуы (мектеп жанындағы лагерь, «ІТ лагерь», «English Club», «Қызықты математика» бейіндік лагерьлері, «Дидарлы жаз» спорттық лагерьі, «Кітап LIKE» жазғы лагерьі, «Дос болайық» 7-8 сыныптарға, «Жасыл әлем» 6- сыныптарға арналған) /Қ. Аубакирова., Ж.Матенова, Ш.Айткенова/
3. Заңсыз ақша жинауға тыйым салу, мектеп бюджетінің есебі. /У.Казыбаева/

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі І мәселе бойынша мектеп директоры 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, білім алушыларды қорытынды аттестAUDAN өткізу мерзімдерін айқындалуын айтып өтті. 9 сыныптар үшін 29 мамыр мен 10 маусым аралығында төрт (қазақ тілі, алгебра, орыс тілі және таңдау пәні) пәннен мемлекеттік емтихан тапсыратынын айтып өтті.

Ал, 11 сыныптар үшін 30 мамыр мен 16 маусым аралығында бес (қазақ тілі, алгебра, Қазақстан тарихы, орыс тілі және таңдау пәні) пәннен мемлекеттік емтихан болатынын айтып өтті.

Күн тәртібіндегі ІІ мәселе бойынша директордың оқу ісі орынбасары Қ. Аубакирова

1-4 сыныптар аралығында мектеп жанындағы лагерь жұмыс жасайтындығы және тамақтанудың бағасы 1200 тг болатындығын ұсынды. Ас мәзірін таныстырды. Таңғы ас 300 тг, түскі ас 900 тг. Сонымен қатар, 5-7 сыныптарда «English Club» ағылшын, «Қызықты математика» пәндік лагерь, «ІТ лагерь» бейіндік лагерь, 5-6 сыныптарда «Дидарлы жаз» лагерьі, сондай-ақ «Кітап LIKE» жазғы лагерь 5 сыныптарға арналған, «Дос болайық» 7-8 сыныптарға, «Жасыл әлем» 6 сыныптарға арналған тегін лагерьлер жұмыс істейтіндігін ескертті.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Шәкен Тұрар Саттарқызы сөз кезегін алып, мектепте атқарылып жатқан жұмыстарына ризашылығын білдірді. Ол,

оқушылардың мектепшілік лагерьде тамақтануы және таңғы ас, түскі ас ішуі керектігін атап өтті.

Әлеуметтік педагог Ш.Айткенова 2024-2025 оқу жылында аз қамтылған отбасынан «жалпы міндетті оқу қорынан» тегін лагерьге баратын және порталға қойғандығын айтты. Биыл 35 оқушы тегін жазғы лагерьге баратынын айтты..

Ал мектепшілік лагерьге «Жасыл ел» жобасының басталатындығын, мамыр айында 18 оқушы қамтылғанын және шілде, тамыз айында да жұмыс істейтіндігі және осы жоба бойынша толық ақпарат беріліп өтті. Оқушылардың жаз кезіндегі өмір қауіпсіздігін сақтау керек екені айтылды.

Күн тәртібіндегі III мәселе бойынша мектептің директоры У.Казыбаева сөз алды. Ол, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңын, сондай-ақ «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ-нің 2025 жылғы 5 наурыздағы № 07-04-30/389 хатын басшылыққа алып, ата-аналардан мерекелік іс-шараларға, мемлекеттік емтихан кезінде ақша жинауға, мерекелік дастархан, педагогтерге сыйлық алуға, ақша жинауға, сондай-ақ жеткізушілерден және өзге де тұлғалардан сыйлықтар алуға және ата-аналардан заңсыз ақша жинауға және сыйлықтар алуға жол берген педагогтерге заңға сәйкес шара қолданатынын айтып өтті. Мектеп директоры ретінде заңсыз ақша жинауға түбегейлі қарсы екендігін жеткізді. Мектептегі бюджеттің орындалуына тоқталып өтті. Мұнда кеңсе заттарына, тұрмыстық- шаруашылық заттарға, жаңадан ашылған және жасақталған кабинеттер, интернет қызметі, коммуналдық қызметке бөлінген қаражат бойынша толық есеп беріп өтті.

Шешім:

1. 2024-2025 оқу жылының қорытынды аттестаттауы 125 бұйрыққа сәйкес 9-11 сыныптарда өз деңгейінде өткізілсін.
2. Жазғы демалыстың ұйымдастырылуы (мектеп жанындағы лагерь, этнолагерь, профильдік лагерь, спорттық лагерь) жоспарға сәйкес жүргізілсін.
3. Мектептің қаржы есебі «Қанағаттанарлық» деп танылсын.

Мектеп-лицей директоры

Хатшы



У. Казыбаева

Ж. Матенова